

Алматы қаласы  
«Айтек-ИТЕС» ЖШС-нің «SmART  
Kids» балаларды дамыту орталығы  
Директоры М.И.Калибек  
Үмбетбаева көшесі 216 үй  
БСН 010840002869

**Санитарлық-эпидемиологиялық аудиттің  
қорытындысы бойынша жасалған аудитірлік қорытынды**  
№ 03/2-2022 « 11 » шілде 2022 жыл

Қазақстан Республикасы Кодексінің 2020 жылғы 7 шілде айындағы «Халықтар денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 50-ші бабына сәйкес мен Айтамбаева Лиза Нурбековна «Sun Audit» ЖШС-нің аудиторлары Алматы қаласы бойынша (KZ08UWP00007693), Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласында жеке және заңды тұлғаларды ӨРҰ мүшесі ретінде аккредиттеу туралы куәлігі №Z-29 12-ші мамыр 2021 жылы берілген.  
*(аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (өзімен бірге) және (немесе) аудитірлік ұйымының толықтай атауы, реестрдің есептік нөмірі)*  
санитарлық-эпидемиологиялық аудит жүргізілді: Алматы қаласы, Бостандық ауданы «Айтек-ИТЕС» ЖШС-нің «SmART Kids» балаларды дамыту орталығы  
*(аудит жүргізілетін субъектінің толықтай атауы)*  
Орналасқан мекен-жайы: Алматы қаласы, Үмбетбаева көшесі 216 үй.  
*(аудитірлік субъектінің орналасқан жері)*

Негізгі санитарлық-эпидемиологиялық аудит жүргізуге арналған: 2019 жылғы 11 маусымда №20 санитарлық-эпидемиологиялық аудит қызметін көрсету келісім шарты бойынша.

Ұсынылған материалдарды қарастыру: Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 27 қазан 2014 жылы № 010840002869. Жұмысты орындаған актісі 2019 жылға бар. Техникалық паспорт 01.06.2015 жылғы. Жұмысының басталуы туралы 01 қыркүйекте 2016 жылы №KZ37RVK00011461 берілген хабарламасы. Балабақшадағы балалар тізімі. Қызметкерлер тізімі. Ас мәзірі кестесі, перспективалы маусымдық жаз-күз, қыс-көктем екі апталық мәзірі. Мемлекеттік лицензия медициналық қызметіне №16003899 29.02 2016 жылғы сериясы АА-4. Мемлекеттік лицензияға қосымша № 16003899 29.02 наурыз 2016 жылы берілген. Қызмет түрінің құрамына кіретін жұмыстар: бастапқы медициналық – санитариялық көмек дәрігерге дейінгі көрсетіледі. Бала-бақша жарлығы. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік «Дезэфект» дератизация, дезинфекция және дезинсекция жасау келісім шарты 01 ақпан 2019 жылы № 85. Кір жуу қызметтерін көрсету бойынша ЖК “Портянкина Л.А.”мен кантар күні 2018 жыл №11 келісім шарты. Қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару қызметін көрсету бойынша “Тәртіп” акционерлік қоғамымен 01.2016 жылы №БОс01042-16 уч.5 келісім шарты. Жуатын заттарға сәйкестік декларациясы 01 сәуір 2021 жылғы №KZ79UWQ00722000 .Ет өнімдеріне ветеринарлық анықтама ТОО«Алсад-Казахстан», KZ В. 08/К-1632/Е. 120940000482 с 24.09.2020ж Бостандық ауданының берген 28 сәуір 2018 жылғы № А.04.Х.KZ10VSB00107721 тәркелген санитарлық эпидемиологиялық қорытындысы. «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Алматы қаласы бойынша филиалымен зертханалық бақылау жасау үшін 2021 жылға келісім шарты

Тексеру кезінде мыналар анықталды: Алматы қаласы «Айтек-ИТЕС» ЖШС-нің «SmART Kids» балаларды дамыту орталығы жеке тұрған екі қабатты типтік емес цокольдық қабаты бар жобамен салынған жалпы ауданы 409,3 шаршы аумақта орналасқан . Бала

бақша 2014 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Бала-бақша 3 топтық, 53 балаға арналған. Мекемесі жан-жағынан қоршалған, қоғалдандырылған, абаттандырылған. Топтардан алаңға шығатын есіктер бөлек. Аулада сыртқы жасанды жарықтандыру орнатылған. Ойын ауласы керекті ойын құралдармен жабдықталған. Аулада әр топқа арналған ойын алаңдарымен қамтылған, спорт алаңы бөлінген, кіші архитектуралық пішіндермен толықтандырылған, көлеңке түсіретін қалқа, күм ойнағыштары орнатылған. Қоқыс қоятын темір жәшіктер арнайы орынға орналастырылған үш жақты қоршалған төбесі жабылған асты бетондалған, ол келісім шарт бойынша уақыттылы шығарылады. Бала бақшаға кіретін есік біреу. Жұмыс уақыты таңғы 8.00-ден кешкі 18.30 –ға дейін. Күн режиміне бес рет тамақтану, таңғы және кешкі серуендеу, оқу сабақтары, денешынықтыру сабақтары қарастырылған.

Ғимарат толығымен орталық ыстық және суық сумен, кәріз жүйесімен, жылыту жүйесімен қамтамасыз етілген. Жылыту жүйесі автономды, көгілдір газ арқылы, қамтамасыз етілген, бірінші қабатта жылы еденмен жабдықталған. Тексеру кезінде инженерлік коммуникация жүйесінде ақау тіркелген жоқ. Жарықтандыру табиғи және жасанды. Шамдардың сыртында ылғал мен шаңнан қорғайтын қорғаныштары бар. Желдету жүйесі табиғи терезе арқылы ал жасанды ғимарат бойынша сормалы және де асханада үрдемелі сормалы желдеткіш орналастырылған. Тексеру кезінде жұмыс істеп тұрғаны анықталды. Бірінші қабатта жалпы балалар шешеніп киінетін орын медициналық бөлме оқшалау бөлмесімен бірге, балаларға арналған дәретхана бір топқа 23 балаға арналған ойын ойнайтын және жататын бөлме бірге орналасқан. Ол, бір балаға 3,0 шаршы метр сәйкес келеді. Екінші қабатта екі топ, Бірінші топта 16 бала, екінші топта 14 бала. Ойын ойнайтын бөлмесі, ұйқтайтын бөлмемен біріктірілген. Осы қабатта оқу оқути бөлме және де балаларға арналған дәретхана орналасқан. Әр топта киім шешетін ойын, ұйқтайтын бөлмелері, ыдыс сақтау бұфеті және дәретханалары бар, аудандары санитарлық эпидемиологиялық талаптарға сай. Топтарға арналған бөлмелер балалар бойына сай балаға арналған жиһаздары жас ерекшеліктеріне сай жабдықталып, таңбаланған. Жататын орын мен ойын бөлмесі аудандарына сай, әжетханаларының қабырғалары толығымен кафелмен көмкерілген. Жататын бөлмелері 3- қабатты төсектермен жабдықталған, таңбаланған балалардың санына сәйкес келіп тұр. Бөлме қабырғасында термометр мен балалардың тізімі ілінген. Төсек орындары жеткілікті ауыстыруға артығымен қамтамасыз етілген. Тамақ ішетін бөлмесі атқаратын қызметіне сай жабдықталған және ыдысты жууға жағдай жасалған, әр топта ас содасымен кір сабыннан жасалған қоспа дайындалған. Бөлмелерде балалар тізімі, ас мәзірі, күн тізбесі ілінген. Үйдін де ішкі әрлеуі мен едені гигиеналық талаптарға сай келеді. Балалар бөлмесінде бала бойына сәйкес орындықтар, үстелдер, ойыншықтар, кітаптармен жабдықталған. Ойыншықтары арнайы бөлінген ыдыста тәрбиешімен жұмыс күнінің аяғында жуу заттарын қолдана отырып жуылады, таңбаланған. Әжетханасында 3 қол жуғыш пен 3 унитазды және де 1 иілгіш себезгі торы бар табандық орнатылған, орналастырғанда балалардың жас ерекшелігі ескерілген. Қол жуатын раковинаның қасында қол жуу сабыны, жеке әр балаға бет сүрту орамалдары орналастырылған. Ауаны алмастыруға терезелері ашылады. Еден жуатын ыдыстары толық және таңбаланған, реттілікпен сақталуда. Топқа арналған тамақ тасу ыдыстары, көмекшілерге тәрбиешіге арналған арнайы киіммен қамтамасыз етілген, жеткілікті. Бұфетте қолданатын арнайы сүлгілер жеткілікті, қолданылған және қолданылмаған сүлгілерді сақтайтын таңбаланған ыдыстары арналған. Тексеру барысында таңба бойынша қолданылатыны анықталды. Бұфетте асхана ыдысын жуу инструкциясы ілінген. Тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуудың әдісін толығымен меңгерген. Балаларға берілетін су режимі сақталған, әр топта қайнаған су асханадан чайникке құйылып әкелінеді, су ішуге арналған ыдыспен қамтамасыз етілген, таза және пайдаланылған ыдыс үшін жеке поднос қолданылады.

Медициналық қабылдау бөлмесі және 1-орындық онашалау бөлмесінен тұрады. Онда жеке бас тазалығына жағдай жасалған, су себізгі қарастырылған. Медициналық құрал-жабдықтармен бір төсек, таразы, бой өлшегіш, тоназытқыш, екі дана бактерицидтік лампамен, тонометр, термометр, медициналық шкаф және де медициналық столмен жабдықталған

Медициналық бөлмеде қол жууға бір раковина орналастырылған. Құжаттар реттелген, бөлмені залалсыздандыруға тұрақты кварц шамдары қарастырылған, штат бойынша 0.5 ставкада мейірбике, дәрігер қарастырылмаған. Медициналық бике халатпен қамтамасыз етілген. Кварц шамының қосып залалсыздандыру жүргізуге арнайы дәптер басталып сонда тіркелген. Әр апта сайын күрделі тазарту жұмыстары жүргізіледі. Тексеру барысында медбикенің құжаттары; инфекциялық ауруларды тіркеу журналы, соматикалық ауруларды тіркеу журналы, оқшаулауды тіркеу журналы, С витаминизация жүргізу журналы, балалардың денсаулық паспорты, балаларды егуді тіркеу журналы қаралып Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 09.07.2021 ж. № 59 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларының 12 қосымшасына сәйкес жүргізілетіндігі тексеру барысында байқалды. Соңғы үш айдың ішінде жұқпалы аурулардың тіркелмегендігі анықталды. Жұқпалы аурулардың алдын-алу туралы санитарлық ағарту жұмыстары 2022 жылы бес айдың ішінде (жедел жұқпалы вирустық ауру, тұмау, жарақат алуы алдын алу, туберкулезді алдын алу, кене энцефалитінен қорғану, қотыр және де бит басуды алдын алу) тәрбиешімен және де басқа бала-бақша қызметкерлерімен, ата-аналармен жүргізіліп отырады бала-бақшада жаңадан қабылданған және үш күннен көп болмаған балалар үлестіріліп дәрігердің рұқсат қағазымен қабылданады. 2021 жылғы анықтамаларды тексерген кезде жедел респираторлық вирустық инфекция ауруларымен ауырған. 2021 жылы балаларды 100 % күрт ауруына тексеріп үш реттен соскоб алынған, нәтижесінде таза болып шыққан. 2021 жылы жоспарда аудандық емханада жоспарланған, өздері келіп алып кетіп тексерудің қорытындысымен медбике жұмыс жасайды. Жыл көлемінде жоспар бойынша педикулез, чесоткаға, дерматомикозға тексеріліп отырады. 2021 жылы және 2022 бес айда балалар таза болып шыққан, арнайы журналға тіркелген. 2020-2021 оқу жылына балабақшаның жаздық сауықтыру шаралары жоспарланған. Оның ішінде тәрбиемен жұмыс, ата-анамен жұмыс, оқу тәрбие жұмысы, шаруашылық жұмыстары, медициналық жұмыстары кіргізілген. 2022 жылға арналған кешенді жоспары (алдын-алу іс-шараларын ұйымдастыру, балалардың аурушандылығын азайту және де денсаулығын жақсарту жағдайларының іс-шаралары) қарастырылған. Санитарлық-эпидемиологиялық аудит жүргізген кезде медбике (тұмауға қарсы алдын-алу шараларының жоспары, вирусты гепатитке алдын алу, туберкулезге алдын алу, эпид паротитке алдын алу, листериоз, иерсиниозға, жіті ішек ауруларына, гельминтозға, қызамыққа, пидикулезге алдын алу, санырауқұлақ аурулары мен микроспориозға, қотырға) жоғарыда көрсетілген аурулардың кешенді жоспарын ұсынды. 2021-2022 жылғы балалардың диспансерлік тіркеу журналын тексерген кезде (1 бала қан ауруымен ауыратыны анықталған).

Асхана ас даярлайтын бөлме мен қоймадан тұрады. Ол цокольдық қабатта орналасқан. Асхана 2 тоназытқышпен жабдықталған. 6 комфорлы 1 электроплита, 1 электроплита, электросковорода-1 дана, ет тартатын ток машинасы 1 дана, пеш (духовка) 1 дана және де таразымен жабдықталған. Бөлшектеу тақтайшалары, бөлшектеу үстелдері, пышақтары жеткілікті, толық таңбаланған. Асхана ыдыстарын жуатын 1 ваннасы мен 3 раковинасы бар. Онда ас мәзірін даярлаудағы технологиялық реттілік сақтауға жағдай жасалған. Ыдыстары мен тақтайлары, пышақтары таңбаланған. Дайын тағамдар мен шикізатты сатып алу орындары анықталған және ұсынылған тауарлардың қауіпсіздігі кепілдеме құжаттары бар және тауарлар сол өнім өндірушілер келісім шарт бойынша өздері тасымалдайды. Ас мәзірі кестесі жасалған, перспективалы маусымдық жаз-күз, қыс-көктем екі апталық мәзірі көрсетілді. Тамақ ішу аралығы 3,5 сағаттан аспайды. Балаларды

тамақтандыру нормалары бүгінгі таңда қолданылатын санитарлық ереже мен норманың 7-ші қағидасының 7-ші қосымшасына сәйкес келетіндігі анықталды. Тамақты дайындау, тарату, тағамдардың шығымы тағамның көлемі, тағамды дайындау технологиясы туралы мәліметтер көрсетілген технологиялық картаға сәйкес тағамдар картотекасын пайдалана отырып жасалады. Балалар төрт рет ертеңгі ас, түскі ас, түстен кейінгі және кешкі ас тамақтанады. С витамині үшінші асқа қосылады. Тамақтардың сақталу мерзімі, сақтау жағдайы, тәуліктік ас санитарлық нормаға сәйкес сақталады. Қолдануға болмайтын тағамдар ас мәзірінде кездескен жоқ. Залалсыздандыру (Акма-хлор) мен жуып-шаюға арналған заттар жеткілікті, кір сабын, ас содасымен қамтамасыз етілген. Дезинфекциялық режимді сақтау талапқа сай.

Бала-бақша қызметкерлерінің тізімі бар барлығы 12 адам және олар медициналық тексерістен өткен жеке медициналық кітапшалары тексеру барысында ұсынылды.

Зертханалық зерттеу нәтижесінің негізіне сәйкес және (немесе) өлшемдер: Тағам өнімдерінің микробиологиялық зерттеу хаттамасы. №РО-22-01979/17-668-669 24 наурыз 2022 ж. Шайындыларды микробиологиялық зерттеу №РО-22—01978/17-2730-2734 16 наурыз 2022 ж.

Аудитрлік субъекті қызметінің шаруашылығына байланысты сипаттамасы мен тәуекелдік мүмкіншілігін бағалау: Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі бріктірілген № 220/2020 30.11.2020 г. бұйрығы бойынша нысан эпидемиялық маңыздылығы жоғары санатта мекемеге жатады.

Тұжырым: объект: «Айтек-ИТЕС» ЖШС-нің “SmART Kids” балаларды дамыту орталығы.

*(аудитрлік субъектінің толықтай атауы)*

Техникалық регламенттер мен халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығының заңнамаларының талаптарына сәйкес (сәйкес емес)

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 09.07.2021 ж. ҚР ДСМ-59 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларына. Міндетті медициналық қарап тексеруді өткізу қағидалары бекіту туралы 15 қазан 2020 жылғы. № 131/2020 жеке медициналық кітапшаларды беру, есепке алу және жүргізу қағидаларын бекіту туралы 16 қараша 2020 жылғы № 196/2020 бұйрыққа. «Дезинфекция, дезинсекция және дезинсекцияны ұйымдастыру мен жүргізуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» БК. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 28.08.18ж. Бұйрығымен бекітілген № 8-ші. Қазақстан Республикасы ҰЭМ 06.06.2016 жылғы № 239 бекіткен «Өндірістік бақылауды жүзеге асырудағы санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережелері.

### СӘЙКЕС КЕЛЕДІ

*(жүргізілген аудитке сәйкес қажетті сызуды және ШПА қабылданған күні мен толықтай атауы)*

Ұсыным: гигиеналық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында, санитарлық ережелер мен нормаларды сақтау қажет.

1. бала бақшаның жабдықтарына қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптарды сақтау.
2. мекеменің іші мен сартқы аулаға қойылатын талаптарды орындау.
3. балаларды тамақтандыруға қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтау.
4. Залалсыздандыру тәртібін сақтау.
5. Қызметкерлерді медициналық қадағалаудан уақытында өтуін қадағалау.

«Sun Audit» ЖШС-нің директоры



*(Signature)*

Айтамбаева Л.Н.

*(Т.А.Ә. (өзімен бірге), лауазымы)*